

4. BUSINESS INTERNET BANKING RANK 2021. Исследование пользователей электронных финансовых и платежных сервисов в Казахстане [Электронный ресурс]//<https://www.markswobb.kz/report/mobile-banking-rank-2021/>

Әлемдегі «жасыл» қаржылардың рөлі және оларды Қазақстан Республикасында цифрландырудың дамуы

Г.Р.Топшахова¹, Сыздыкова М.К.², Омаш Ж.Ғ³

¹Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м.,

^{2,3}«Қаржы» мамандығының 3 курсстуденттері

Mr.suyundykov@mail.ru, mashontai03@mail.ru

^{1,2,3}академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.

Түйіндеме: зерттеу барысында авторлар отандық және шетелдік ғылыми және іскерлік айналымдағы «жасыл қаржы» түсінігінің әртүрлі тәсілдерін жинақтады; Қазақстан Республикасының және әлемнің банктерінде жасыл қаржыландырудың ESG стратегиясын қалыптастыру мен іске асырудың салыстырмалы сипаттамасы берілген; жаһандық және отандық жасыл қаржы нарықтарының жай-күйі туралы жүйеленген деректер келтірілген; озық тәжірибе мен әлемдік тәжірибені ескере отырып, банктік жасыл қаржыландыру нарығын дамыту мәселелерінің перспективалық шешімдері ұсынылады.

Кілт сөздер: «жасыл» қаржылар, сукук, «жасыл» бондтар, Ұлттық ESG клубы, АХҚО

Қазақстанның қазіргі экологиялық жағдайы ғаламдық шеңберде зор мәселеге айналып отыр. АҚШ, Англия, Франция, Германия, Жапония сияқты бірқатар өркениетті елдерде ірі өндіріс орындарын салмастан бұрын оның қоршаған ортаға әкелетін экологиялық шығынын есептей отырып, сол жердегі халықтың денсаулығына тигізетін әсерін ғылыми түрде тұжырымдап барып қана жүзеге асырады.

Жалпы ірі өндіріс орындарын дамыту шикізат көзі, адам күші, су ресурстары сияқты үш факторға байланысты. Осылардың ара-қатынасын сақтамайтын ірі өндіріс орындарының барлығында жоғарыда аталған экологиялық шарттар ескерілмеген. Бәрі де айналып келгенде зор қаржының жетіспеушілігіне келіп тіреледі. Мұндай қаржы көздерін табу және оларды міндетті түрде экологиялық мәселелерді шешуге жұмсау жолында «жасыл» қаржылардың маңызы артуда. «Жасыл» қаржылар - экологиялық жобаларға қолдау көрсетіп, жасыл экономиканы дамытуға бағытталған қаржы құралдары.

Берілген мақаланың мақсаты жаһандық мәселелерді шешуде қазіргі әлемдік қаржылық жүйені (ӘҚЖ) экологияландырудың маңыздылығын анықтау болып табылады. Бұл мәселелер мынандай екі блоктан тұрады: біріншіден, қаржылық – экономикалық, оның шегінде капиталдың трансшекаралық қозғалысынан туындайтын теріс қаржылық нәтижелер мен жаһандық теңсіздіктер, екіншіден, табиғиресурстық, климаттық және экологиялық. Жақын болашақта екі жақты табысты нәтижеге қол жеткізу күтіледі, бұл – қаржылық қалпына келтіру мен экоартықшылық.

Макроэкономикадағы «жасыл» тақырып ғылыми жұмыстардың кең шеңберін қамтиды. Осы сияқты зерттеулер 1790-шы жылдардың аяғы мен 1800-ші жылдардың басынан белгілі және Т. Мальтус пен Д.Рикардоның еңбектерінде көрініс тапқан. Қазіргі таңдағы «жасыл» қаржы мен экономика аумағында шетел ғалымдары: П. Кругман, К.Перес, Н. Линденбергтің еңбектерін көрсетуге болады.

Ұлыбритания БҰҰ-ң қоршаған орта жөніндегі бағдарламасы бойынша жаһандық «жасыл» қаржыландыру орталығы болып жарияланды. Ұлыбританияда жалғыз акционер ретінде әрекет ететін Ұлыбританияның Үкіметі құрған әлемдегі бірінші «Жасыл» инвестициялар банкі (GIB) бар. Үкімет Банкке «жасыл» инвестициялар үшін бастапқы капитал ұсынды, ол бүкіл Ұлыбритания бойынша коммерциялық шартпен «жасыл»

жобаларды қолдау үшін және Ұлыбританияның «жасыл экономикасын» инвестициялау мақсатында басқа жеке капиталды жұмылдыру үшін пайдаланылады.

«Жасыл» қаржыларды жаһандандыру мен инновациялық дамытуда нарығы қалыптасып және дамып келе жатқан келесі мемлекеттер ерекше көзге түсуде, олар: Қытай, Бразилия, Үндістан, Индонезия, Монғолия, Бангладеш, Колумбия, Перу, Кения, Вьетнам. Бұл мемлекеттердің осынша белсенділік танытуына әсер еткен мынандай факторлар: біріншіден, қаржылық – ӘҚЖ-н экологияландыру жобасының іске қосылуы барысында бұл мемлекеттер бұрын соңды болмаған мақсаттарға қол жеткізуді көздей отырып қазіргі талаптарға сай адекватты қаржылық инфрақұрылымды қалыптастыруды көздейді, екіншіден, «жасыл» - дамыған елдердің өндірісінің жартысын өзге мемлекеттерге ығыстыруынан туындаған экологиялық мәселелердің өршуі . Мәселен ӘСҰ- мәліметтеріне сәйкес, 1990-шы жылдардың аяғында ақ АҚШ-та өндірілетін автокөліктің 37%-ы өзінде, ал қалған қосалқы бөлшектері Азия (Корея, Тайвань, Сингапур) елдерінде өндірілді. Үшіншіден, дамушы мемлекеттер жаһандық экономикадағы өз тетіктерін таба отырып, ӘҚЖ-гі шеттетілген қатысушылар атағынан арылуды көздейді.

«Жасыл» қаржыларды жаһандандыруды көздей отырып ӘҚЖ-н экологияландыру мақсатында «жасыл» қаржылық құралдардың жаһандық нарығы (ЖҚҚЖН) құрылды. Оның ерекшелігі мынада: 1) ӘҚЖ- н барлық компоненттерін қамтуы; 2) қаржылық және нақты секторды «жасыл» жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыра отырып байланыстыру. Бұл орайда аса шығындалу байқалмайды, тек бар қаржы құралдарына «жасыл» құрам біріктіріліп жаңа сапаға ие болады.

ӘҚЖ-гі «жасыл» қаржылардың негізгі сегменттерінің қызметін талдап, олардың ЖҚҚЖН-ғы мөлшерін бағалайық. Қалыптасып келе жатқан жаһандық нарықтың басты құрамдас бөлігін «жасыл» банк жүйесі құрайды. Талдауға алынған сегменттің негізгі құралы – бұл «жасыл» несие (green credit). Халықаралық бағалауларға сәйкес 2019-2020 жылдары берілген несиелердің 82%-ы «жасыл» жобаларды қаржыландыруға берілген. «Жасыл» несиелендіру бойынша нарықтың ірі қатысушылары келесі мемлекеттер болып табылады: АҚШ (1-ші орында және несие ресурстарының 34,5%), Ұлыбритания (2-ші орында және несие ресурстарының 8%), Қытай және Үндістан (сәйкесінше 6 мен 7-ші орында және несие ресурстарының 4%). «Жасыл» жобаларға бөлінген қаржыны үлестірсек: құрылыс саласына 41%, инфрақұрылымдық объектілер және транспорт 24%, ауыл шаруашылық және орман саласына 20%, экологиялық таза энергияға 15% - тиесілі екені анық көрінеді.

«Жасыл» қаржыландырудың екінші құралы- «жасыл» облигация (green bond). G-bonds анықтамасына сәйкес облигация «жасыл» атану үшін келесі талаптарға жауап беруі керек: тартылатын қаражат «жасыл» жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуды қажет, инвестициялардың экоқағидаларға сәйкестігі тұрғысынан бағалаудан өтуі қажет, эмитентпен тартылған қаражаттар мақсатты мазмұнды иеленеді және олардың олардың жұмсалуды жыл сайын жарияланып отыруы қажет. «Жасыл облигациялар» атауын иемденген бағалы қағаздарды алғаш рет әлем бойынша 2007 жылы Еуропалық инвестициялық банк шығарған болатын. Бастапқы бес жылда бұл бағалы қағаздың бағы ашылмай, бұл нарықтың бағасы төмен саналды. Яғни, 2012 жылы оның жиынтық көлемі 3 миллиард долларды құраған болатын. Бірақ, осы 2012 жылдан кейін «жасыл» облигациялардың айы оңынан туып, күрт өсе бастады. 2019 жылы оның жалпыәлемдік шығарылымы 155 миллиард долларға дейінгі өсімді құрады. Бұл бағалы қағаздың өсуіне бір ғана себеп еді, ол әлем елдерінде « жасылдардың» экологияға қысым көрсетуді қысқарту керектігі туралы үндеулері жеткен еді.

2019-2020-ші жылдары «жасыл» бондтардың көлемінен АҚШ, Қытай, Германия және Франция мемлекеттері көш бастап келеді (10 млрд. доллардан жоғары), келесі кезекте Швеция , Үндістан, Мексика және Канада (2 ден 10 млрд. долларға дейін) және де Жапония, Австралия, Корея, Марокко, Бразилия, Перу және Еуропалық мемлекеттердің бірқатары (2 млрд. доллардан төмен) [Green Finance: Green Bond Directions, 2019, p.3]. 2019 жылы ірі эмитенттердің ондығына Shanghai Pudong Development Bank, European Investment Bank, Bank of China, Mexico City Airport Trust, Electricite de France, Iberdrola, TenneT Holdings, Toyota,

Appl Inc., New York MTA[2]. «Жасыл» облигацияларға исламдық қаржы нарығы да қызығушылық танытуда. 2020 жылдың ақпанында бірінші рет 3,75% кіріспен «жасыл» сукук, яғни исламдық облигация шығарылды. Эмитент ретінде танылған Индонезия, өз кезегінде 1,25 млрд. доллар тарта алды. Салалық кесімде : энергетикалық жобаларға 38%, төмен көміртекті экономиканы құруға 26%, көлік және сумен қамтуға -11% , қайта өңдеу мен жоюға 5-6% , жерді тиімді пайдалануға 3% тиесілі [Green Finance: Green Bond Directions, 2020,p.1-2].

ЖҚЖН- да хеджерлеу мақсатында қолданылатын туынды қаржылық инновациялар ерекше орын алады. Олар көбінесе инфрақұрылым, төмен көміртекті экономика және энергия үнемдеу салаларындағы экологиялық жобаларды жүзеге асыруда қолданылады. Оларға активтермен қамтамасыз етілген «жасыл» қағаздар , «ауа райылық» деривативтер , көміртекті фьючерстік, опциондық, форвардтық келісім шарттар жатады. Бұлардың жаһандық туынды қаржылық құралдардың құрамындағы үлесі 1 %-дан аспайды.

Жалпы алғанда несиелер сегментінің масштабы зор, сарапшылардың бағасына сәйкес банктік несиелер «жасыл» қаржыландырудың Ұ бөлігін қамтиды [Порфирьев, 2018,116.]. Осылайша «жасыл» қаржыларды жаһандандырудың үрдісі маңызды, және де жаһандық қаржылық реформалар шегінде ерекше қарқын алып дамуда. Бұл ӘҚЖ-н дамуындағы жаңа сатыға көтерілудің белгісі. Егер 2006 жылы осы бағытта жұмыс істейтін 6,5 трлн.долларға тең активтері бар 100 институт болса 2017 жылы бұлардың саны активтері 62 трлн. долларға тең 1553-ке жетті. Олардың 44,8%-ы ЕЕ-не, 16,5%-ы АҚШ-қа, 7,6%- ы Австралияға, 5%-ы Канадаға , 3,4%- ы Бразилияға, 2,5%-ы Жапонияға және 1,1%-ы Қытайға тиесілі.

Дамушы және қалыптасушы нарығы бар мемлекеттердегі «жасыл» қаржылардың тәжірибесін қарастыратын болсақ, Қытай 2010 жылы ұлттық экономиканы «жасылдандыруға» бағыт алып, өз стратегиясын қалыптастырды және 2016 жылы «Үлкен жирмалықта» төрағалық еткенде ӘҚЖ –н экологияландыру мәселесін қозғады. Осының нәтижесінде « жасыл» облигациялар мен несиелердің жұмысында Қытай басшылық орынды иеленді.

Үндістан «жасыл» бондтарға негізгі анықтамалар мен талаптарды қалыптастырып шығарды[Green Finance: A Bottom-up Approach to Track Existing Flows, 2016,p.35; Green Finance for Developing Countries, 2020, 27; Establishing Chinas Green Financial System, 2020].[1,986.]

Бразилияның Орталық банкі «Базель-3» банктік стандарттарының жоспарына экотәуекелдердің мониторингін жүргізудің талаптарын енгізуді қолдаған әлемдегі ең алғашқы реттеуші болды. Бразилияның сақтандыру конфедерациясы ішкі сақтандыру нарығын тұрақты тұрақты дамытудың мақсаттарын айқындап берді.

Индонезия 2019 – шы жылға дейінгі «жасыл » қаржылық құралдармен жұмыс істеуді алға қоятын банк жүйесінің , қаржы нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін «Жол картасын» жасады.

Тұрақты қаржылық дамудың қағидалары Моғолияның ұлттық стратегиясы мен жоспарына кіргізілген. Бангладешта 2010 – шы жылдары банк жүйесін «жасылдандыру» жобалары іске қосылған. Филиппин өзінің табиғи және экологиялық апаттарға қатысты әлсіздігін ескере отырып «жасыл» сақтандыру саласын реттеу мен құқықтық қамсыздандыруға келгенде көшбасшы болып отыр. Египеттің қор биржасы «жасыл» қаржыландырудың артықшылықтарын жоғары бағалаған биржалар арасында «пионер» есептеледі[3,266.].

Мемлекет басшысының Қазақстан басымдылықтарының бірі – жасыл экономика деген тапсырмаларын ескерсек, бізде жасыл облигациялардың нарығы болуы үшін, шағын және орта бизнес кәсіпорындарына, қаржы институттарына құрылым бойынша барлық мүмкіндіктерді жасауымыз керек. Мысалға егер инвестор оның қаражаттары экологиялық жобаларды қолдауға , энергия тиімділігіне, қоқысты жоюға, жасыл көлікке бағытталғанын қаласа, онда ол «жасыл» облигациялар инвесторы болып есептеледі. Сонымен қатар 2025

жылға дейін «жасыл» қаржылар саласында аймақтық көшбасшылық стратегиясы бекітілген. Болжам бойынша, күн және жел энергетикасы 9% дан 22%-ға артады. Күн энергетикасы бойынша қуаттылықты енгізу 2030 жылға қарай 13 есеге өседі деп күтілуде[4]. Қазақстан Париж келісімін қабылдаған алғашқы елдердің қатарында, оның аясында парниктік газ қалдығын 2030 жылға дейін 15%-ға қысқарту қарастырылған.

Freedom Finance Global PLC қазіргі уақытта 30-дан астам компанияны біріктіретін Ұлттық ESG клубының жаңа мүшесі болды. Ұлттық ESG клубы Astana Finance Days 2022 аясында 2022 жылғы 28 шілдеде құрылды және өз салаларында ESG трансформациясында көшбасшы болып табылатын 19 компанияны біріктірді. Бүгінгі таңда Клубтың құрамына 30-дан астам компания кіреді.

Қазіргі таңда Қазақстан «жасыл» қаржының дамуына кірісіп отыр. АХҚО-н ашылуы «жасыл» қаржы жүйесін елімізде дамытудың маңызды қадамы болып есептеледі.

АХҚО Жасыл қаржы орталығы – Қазақстан мен Орталық Азиядағы жасыл қаржыны дамытуға жәрдемдесу мақсатында құрылған АХҚО ұйымы. Негізгі мақсат – жасыл облигациялар және әлеуметтік облигациялар сияқты трендті қаржы құралдары арқылы тұрақты экономикаға инвестиция тарту. Сонымен қатар, АХҚО Жасыл қаржы орталығы аймақтық талдау орталығы ретінде үкіметтерге, квазимемлекеттік ұйымдар мен кәсіпкерлерге жасыл қаржыландыру және тұрақты даму саласында стратегиялық және іскерлік кеңестер береді. Орталық әлеуетті эмитенттерге, инвесторларға және нарық ойыншыларына АХҚО биржасында жасыл облигацияларды шығаруға дайындық мәселесі бойынша алғашқы көмек көрсетеді[5].

Жалпы алғанда жоғарыда атап өтілген шаралар Қазақстанда «жасыл» қаржылардың алдыңғы қатарлы жүйесін құруда үздік негіз болып отыр және жаңа белестерге міндетті түрде жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

1. Архипова В.В. Современные проблемы развития и перспективы реформирования мировой финансовой системы. М.: Институт экономики РАН, 2021 г.-312с.
2. «Зеленые финансы в мире»: монография под. Ред. Б.Б. Рубцова .М.: РУСАЙНС, 2019-294с.
3. Стратегия перехода к зеленой экономике: опыт и методы измерения под. Редак. Зомонова Э.М..Новосибирск :ГПНТБ СО РАН,2015.-285с.
4. Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 Июня 2019 года N724. Концепция развития топливно- энергетического комплекса до 2030 года [Электрон. ресурс].- 2019.- URL:<http://www.nomad7su/?a=3-201407230031> (дата обращения 08.2022)
5. <https://aifc.kz/ru/press-relizy/aifc-green-finance-center-held-esg-investment-forum-as-part-of-world-investor-week/>

Криптовалюта: мировой тренд или узконаправленное явление? Возможность внедрения в экономику

Д.В. Ушкань

студент 4-го года обучения по специальности «Государственные финансы»
danil.usk14@gmail.com

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана

Аннотация: Одним из продуктов инноваций современного общества является криптовалюта. Ее разновидностям характерно отсутствие централизованного органа эмиссии и контроля, а также непредсказуемость (стихийность) рынка. Следствием этого является